

**Темір ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 135 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365–бабының 3–тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Темір ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Темір ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2–қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Темір ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" Темір аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 шілдедегі № 65 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б. Шанмов*

Темір аудандық мәслихатының 2023  
жылғы 25 желтоқсандағы № 135  
шешіміне 1–қосымша

**Темір ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер                                | Есептік бірлік | Есептік бурлікте жинақталудың жылдық нормасы, м3 |
|---|--|----------------|--|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер  | 1 тұрғын       | 0,92   |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын         | 1,13   |
| 3 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері                                    | 1 орын         | 1,13   |
|   | Балабақшалар, бөбекжайлар және басқа   |                |  |

|    |   |                     |      |
|----|---|---------------------|------|
| 4  | да мектепке дейінгі мекемелер   | 1 орын              | 0,4  |
| 5  | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері  | 1 қызметкер         | 0,22 |
| 6  | Емханалар, медициналық орталықтар   | 1 келіп кету        | 0,04 |
| 7  | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері   | 1 төсек-орын        | 2,06 |
| 8  | Мектептер және өзге де оқу орындары   | 1 оқушы             | 0,13 |
| 9  | Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері                                     | 1 отыратын орын     | 1,16 |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар | 1 отыратын орын     | 0,2  |
| 11 | Мұражай, көрмелер   | Жалпы алаңы 1 м2    | 0,13 |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары  | Жоба бойынша 1 орын | 0    |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары   | Жалпы алаңы 1 м2    | 0,21 |
| 14 | Азық-түлік және өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер  | Сауда алаңы 1 м2    | 0,8  |
| 15 | Машиналардан сату   | Сауда орнының 1 м2  | 0    |
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сорелер   | Сауда алаңы 1 м2    | 0    |
| 17 | Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары   | Жалпы алаңы 1 м2    | 0    |
| 18 | Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету  | Жалпы алаңы 1 м2    | 0,13 |
| 19 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар   | Жалпы алаңы 1 м2    | 0    |
| 20 | Жағажайлар, жолдардан көше сметалары  | Жалпы алаңы 1 м2    | 0    |
| 21 | Дәріханалар   | Сауда алаңы 1 м2    | 0,44 |

|    |  |                  |      |
|----|--|------------------|------|
| 22 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС   | 1 машина орын    | 0    |
| 23 | Автомобиль шеберханалары   | 1 жұмысшы        | 2,3  |
| 24 | Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер   | 1 гаражға        | 0,16 |
| 25 | Шаштараздар, косметикалық салондар   | 1 жұмыс орны     | 0,23 |
| 26 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техника жөндеу орындары, тігін ательесі | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,13 |
| 27 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары   | Жалпы алаңы 1 м2 | 13   |
| 28 | Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)                 | 1 жұмыс орны     | 0,13 |
| 29 | Моншалар, сауналар   | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,26 |
| 30 | Көше аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары                         | 1000 қатысушы    | 0,8  |
| 31 | Бау-бақша кооперативтері   | 1 учаске         | 0    |

Ескерту:

м3 - текше метр;

м2 - шаршы метр.

Темір аудандық мәслихатының 2023  
жылы 25 желтоқсандағы № 135  
шешіміне 2-қосымша

### **Темір ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

| № | Атауы                          | Есептік бірлік | Қызмет құны, теңге (ҚҚС-сыз) |
|---|--------------------------------|----------------|------------------------------|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер    | Тұрғын/айына   | 207,7                        |
| 2 | Жылдық тариф бірлігіне (көлем) | 1 м3           | 2709,1                       |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК